Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалармен ойнау арқылы тәрбиелеудің және дамытудың маңызы туралы кеңес. Қарапайым ойындар арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту жолдары.			
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**«Гүлдер әлемі»** **Мақсаты:** Табиғаттағы сұлулықты бейнелеу. Арт-терапия (құмға сурет салу, табиғи материал қолдану). **Педагог әрекеті:** Гүлдер жайлы бейнебаян көрсетеді. **Балалар әрекеті:** Гүлдерді сурет салады, мүсіндейді, жапырақтарды жапсырады. **Күтілетін нәтиже:** Табиғатты эстетикалық қабылдауы дамиды. **Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру**	**«Менің отбасым»** **Мақсаты:** Отбасы мүшелерін бейнелеу. Фотоколлаж құрастыру. **Педагог әрекеті:** Балаларға отбасы суреттерін көрсетуді ұйымдастырады. **Балалар әрекеті:** Отбасын сурет салады, әкені мүсіндейді, үйді қиып жапсырады. **Күтілетін нәтиже:** Балалар отбасына деген сүйіспеншілігін шығармашылықпен жеткізеді. **Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру**			
Таңертенгі жаттығу	**Таңғы жаттығу кешені №15**	**Таңғы жаттығу кешені №16**			

Таңғы ас	Өз орнын тауып отыру. **Мәдениетті тамақтану дағдысын қалыптастыру**	Нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. **Мәдениетті тамақтану дағдысын қалыптастыру**			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру **«Өнегелі 15минут»** **Мақсаты:** Ересек топтағы балаларды әдептілікке, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу. Оларға күнделікті өмірде пайдалы мінез-құлық ережелерін үйрету.			
Кесте бойынша ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** (дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша) **Қазақ тілі** **Тақырыбы:** «Менің отбасым» **Мақсаты:** Отбасы мүшелерін атауға, өз отбасын таныстыруға үйрету. Суретпен әңгіме, «Кімнің отбасы?» ойыны. **Тәрбиеші әрекеті:** Отбасы суретін көрсетіп, сұрақ қояды. **Балалар әрекеті:** «Бұл – әкем, анам, әпкем» деп айтып береді. **Күтілетін нәтиже:** Балалар отбасы мүшелерін атайды, байланыстырып сөйлеуге машықтанады.	**Музыка** (музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **Қаржылық сауаттылықты дамыту іс-әрекеті** **Тақырып:** «Жақсылыққа жұмсаймыз» **Мақсаты:** Ақшаны тек өзімізге емес, өзгеге көмектесуге де жұмсауға болатынын түсіндіру. **Педагог әрекеті:** «Досыңда ойыншық жоқ болса, бөлісесің бе?» деген сұрақ қояды. Сурет арқылы қайырымдылық, көмектесу мысалдарын көрсетеді. **Баланың әрекеті:** Ойыншық ақшамен бөліседі. «Мен досыма көмектестім» деп айтады. **Ойын:** «Досқа сыйлық» (балалар бір-біріне ақша беріп, сыйлық таңдайды). **Күтілетін нәтиже:** Балалар бөлісуді, жақсылық жасауды үйренеді.			
Серуенге дайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын**	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын**			

	қалыптастыру	**қалыптастыру**			
Серуен	**Серуен картатекасы № 24** **Жапырақтарды бақылау** **Мақсаты:** Балалардың табиғатты тану қабілетін дамыту, жапырақ түрлерін ажырата білуге үйрету. **Өткізу тәсілі:** Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарын көрсетіп, олардың түстері мен пішіндерін зерттеуді ұсынады. Әр жапырақтың ерекшеліктерін айтып береді. **«Жапырақтардан сурет салу»** **Мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, жапырақтар мен табиғи материалдардан сурет құрастыру. **Ойын ережесі:** Балалар түрлі-түсті жапырақтарды жинап, олардан ағаш, гүл, үй, жануарлар сияқты бейнелерді жасайды. **(Ұсыныс ойын, экологиялық мәдениет дағдысы)**	**Серуен картатекасы №25** **Ауа райын бақылау** **Мақсаты:** Балалардың ауа райы жағдайын түсіну қабілетін дамыту. **Өткізу тәсілі:** Тәрбиеші балалармен бірге аспанды, бұлттардың қозғалысын, күннің түсін және желді бақылап, ауа райы туралы әңгіме жүргізеді. **«Жапырақтарды жинау»** **Мақсаты:** Жинақылық пен ұқыптылыққа үйрету, ұжымдық жұмыс жасауға баулу. **Ойын ережесі:** Балаларды екі топқа бөліп, жапырақтарды кім көп жинайтынын жарыстыру. **(Экологиялық мәдениет дағдысы, қоршаған әлеммен таныстыру)**			
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**			
Түскі ас	**«Тамақ ішкенде сөйлемейміз»** жаттығуы. Міндеттері: Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгігпеу, тамақты ауызды жауып шайнау.	**«Жылы су, жылы су»** тақпақ қайталау. **Міндеттері:** Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталауға үйрету.			

Күндізгі ұйқы	Тыныштық орнату және бөлмені желдетіп, таза ауамен қамтамасыз ету керек.	Ұйықтар алдында балаларға кітап оқып беру			
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларға сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс ұстауға дағдыландыру **Мәдени –гигиеналық шараларды дамыту**	тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау **Дене сымбатын түзу болуын қамтамасыз ету**			
Бесін ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу. **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**			
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Ас мәзірі»** **Мақсаты:** Тағам атауларын үйрету, пайдалы және зиянды тамақты ажырату. **Тәрбиеші әрекеті:** Дастарқан суреттерін көрсетіп, «Бұл пайдалы ма?» деп сұрайды. **Баланың әрекеті:** «Алма пайдалы, кәмпит зиянды» деп айтады. «Сиқырлы себет» ойыны (тағамды себетке бөліп салу). **Күтілетін нәтиже:** Балалар пайдалы-зиянды тағамды ажыратады, атауын дұрыс айтады. **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет**	**«Менің Қазақстаным»** **Мақсаты:** Отан, туған жер туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. **Тәрбиеші әрекеті:** Қазақстан туы, елтаңбасын көрсетіп, түсіндіріп айтады. **Баланың әрекеті:** «Мен Қазақстанда тұрамын» деп айтады, сурет салады. **Күтілетін нәтиже:** Балалар отаншылдық сезімге тәрбиеленеді, қысқа әңгіме құрайды. **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет**			
Жеке баламен жұмыс	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** Байқағыштық, логика. Жапсыру: «Көңілді үйшіктер». (Айдың, Санжар) Ойын: «Қайсысы артық?» (Мухаммад, Сафия А.) Қимылды ойын: «Үйшікке қаш» (Мустафа	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** Эмоцияны басқару, өз ойын жеткізу. Әңгіме: «Мен ренжігенде...» (Хамза) Музыкалық жаттығу: көңіл-күйді қимылмен жеткізу. (Светлана, Нурасыл) Ойын: «Жақсы көңіл-күй сыйлайық»			

	Ж., Қобыланды)	(бір-біріне жылы сөздер айту). (Аяна, Айару Е.)			
Серуенге дайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**			
Серуен	**Серуен картатекасы №26** **Табиғат бақылауы** **Мақсаты:** Балаларға табиғатты бақылап, оны түсінуге көмектесу. **Қалай ойналады:** Балаларға ағаштарды, жапырақтарды, құстарды, жануарлардың іздерін көрсетіп, олардың атауларын айтып береміз. Олармен бірге «Қандай жануардың ізі?» деген ойын ойнауға болады. Бұл арқылы балалар табиғат туралы жаңа мәліметтер алады және байқағыштық қабілеттерін дамытады. **«Түстерді тап» ойыны** Мақсаты: Балалардың түстерді тану қабілеттерін жетілдіру. Қалай ойналады: Балаларға белгілі бір түсті нысандарды іздеу тапсырылады (мысалы, «қызыл түсті заттарды тап»). Бұл ойын арқылы олар түстерді ажыратуға және қоршаған ортаны мұқият бақылауға үйренеді. **Ұсыныс ойын. Экологиялық мәдениет дағдысы, сурет салу іс-әрекеті**	**Серуен картатекасы №27** **«Күзгі серуен»** **Мақсаты:** Балалардың күзгі табиғат туралы түсініктерін кеңейту, жапырақтардың түсін және ағаш түрлерін ажыратуға үйрету. **Бақылау:** Күзгі жапырақтардың түсуін бақылау, ағаштардың атауын айту. **Қимылды ойын:** «Кім көп жапырақ жинайды?». Балалар жердегі түрлі түсті жапырақтарды жинап, оларды санайды. **Дидактикалық ойын:** «Түстерді тап». Балалар әртүрлі түсті жапырақтарды іздеп, түстерін анықтайды. **Мүсіндеу.** **Таза ауада құстардың бейнесін ермексазбен мүсіндеу.** **Экологиялық мәдениет дағдысы, физикалық іс-әрекетті дамыту.**			

Серуеннен оралу	К**иімдерді ретке келтіру:** Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады. **Қажет болған жағдайда киім ауыстыру:** Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу. **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**			
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырып**: «Жоғары – Төмен» **Мақсаты:** Кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту. **Тәрбиеші әрекеті:** «Жоғарыға қолыңды көтер», «Төменге еңкейсің» деп көрсетеді. **Баланың әрекеті:** Тапсырмаларды орындайды. **Құрастыру:** Легодан биік және аласа мұнара жасау. **Ойын:** «Жоғары–төмен секір». **Математика негізі, құрастыру**	**Тақырып:** «Санамақ – 1-ден 5-ке дейін» **Мақсаты:** Сандарды бекіту. **Тәрбиеші әрекеті:** Санамақ өлеңін айтып, қолымен көрсетеді. **Баланың әрекеті:** Қайталайды, сандарды саусақпен көрсетеді. **Құрастыру:** Кубиктерге сандарды орналастырып, қатарға қою. **Ойын:** «Саны қанша?». **Математика негізі, құрастыру**			
Балалардың үйге қайтуы	«Балалардың ертегілерді тыңдауы» ата аналарға арналған кеңес.	«Топта ыңғайлы аяқ киім кию» туралы ата аналармен әңгімелесу.			

Тексерілді»
Әдіскер_____
А.А.Утешева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: «Балапан» МДҰ МКҚК
Топ: «Күншуақ» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі:қазан айы 2025 жыл (1-апта)

Құндылық -Тәуелсіздік және отаншылық айы

Күн тәртібі			**Сәрсенбі** **01.10.2025**	**Бейсенбі** **02.10.2025**	**Жұма** **03.10.2025**
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі -** балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын арттыру. **(Адал азамат «біртұтас тәрбие» бағдарламасы)** Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.				
	Қазақстан Республикасының әнұранын орындау				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру			**Өнегелі 15мин.** Балабақша мен отбасының бірлесіп әрекет етуінің балаға беретін артықшылықтары.Ата-аналар педагогтермен серіктестік орнатудың маңызын түсінеді.	**Өнегелі 15мин.** Баланы ұлттық дәстүрлер арқылы еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу жолдары.Ата-аналар отбасылық дәстүрлерді балалар тәрбиесінде белсенді қолдана бастайды.	**Өнегелі 15мин.** Баланың пікірін тыңдау, бірлікте шешім қабылдау жолдары. Ата-аналар педагогикалық мәдениеттің негізгі қағидаларын меңгереді.
Балалардың іс-әрекеті **(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық,**			**Міндет:** Сөздік қорды тұрмыстық заттар арқылы байыту, мазмұнды түсінуге дағдыландыру **Іс-әрекет:** **Сөйлеуді дамыту:** «Ыдыс-аяқ», «жиһаз» суреттерін	**Міндет:** Балаларды дыбыстарды анық айтуға, әңгімені түсініп қайталауға үйрету **Іс-әрекет:** **Сөйлеуді дамыту:** Ызың (р) дыбысын	**Міндет:** Сөздік қорды тұрмыстық заттар арқылы байыту, мазмұнды түсінуге дағдыландыру **Іс-әрекет:** **Сөйлеуді дамыту:** «Ыдыс-аяқ», «жиһаз» суреттерін

эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)			көрсетіп, қолданылуын түсіндіру **Көркем әдебиет:** Заттар туралы қысқа мәтінді тыңдау **Нәтиже:** Балалар тұрмыстық заттардың атауын атап, қайталайды **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	артикуляциялық жаттығулар арқылы айту **Көркем әдебиет:** Қысқа өлеңді тыңдап, соңынан қайталап айту **Нәтиже:** Балалар дыбысты анық айтады, қысқа шығарманы қайталайды **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	көрсетіп, қолданылуын түсіндіру **Көркем әдебиет:** Заттар туралы қысқа мәтінді тыңдау **Нәтиже:** Балалар тұрмыстық заттардың атауын атап, қайталайды **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**
Таңертенгі жаттығу			**Таңертеңгі жаттығу №1**	**Таңертеңгі жаттығу №2**	**Таңертеңгі жаттығу №3**
Таңғы ас			Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту Бата: Асқа адалдық Басқа амандық Денге саулық Берсін аумин **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Тамақтану кезінде қарапайым мәдени құндылықтарды қалыптастыру Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу				
Кестеге сәйкес ҰІӘ			**Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушының жоспары бойынша) **Ұлттық ойын құндылығын дамыту** **Міндет:** Балаларды ынтымаққа тәрбиелеу **Іс-әрекет:** «Арқан тартыс» ойыны арқылы бірліктің күш екенін көрсету	**Музыка** **(Музыка жетекшінің жоспары бойынша)** **Қаржылық сауаттылықты дамыту** **Міндет:** Ақша ұғымын түсіну **Іс-әрекет:** «Монеталарды ажырат» ойыны (әртүрлі	**Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушының жоспары бойынша) **Адалдық әліппесі негізінде** **Міндет:** Адалдықты бағалай білуге үйрету **Іс-әрекет:** «Адалдық әліппесінен» адал достық туралы әңгіме оқу, пікір алмасу

				теңгелерді тану)	
Серуенге дайындық			**"Менің көктемгі киімім" (Сөздік қорды байыту)** Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу. **Үнемдеу** **Мақсаты:** Табиғи ресурстарды бағалауға, үнемділікке тәрбиелеу. **Іс-әрекет барысы:**«Суды үнемдейік» тақырыбында шағын әңгіме: артық су құюға болмайтыны, қолды жуғанда кранды жабу керектігі.	**"Киім қайда тұрады?" (Тазалыққа және тәртіпке баулу)** Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу **Балабақшада өзін-өзі ұстау қауіпсіздігі** **Тақырып:** «Балабақша – біздің ортақ үйіміз» **Мақсаты:** Балабақшада тәртіпті сақтау, бір-біріне зиян келтірмеу, ойыншықтарды дұрыс пайдалану. **Ойын:** «Қауіпсіз және қауіпті» (суреттерді ажырату). **Күтілетін нәтиже:** Балалар балабақшада өзін қауіпсіз ұстауды біледі.	**"Серуенге дайынбыз!" (Барлық дағдыларды бекіту)** ."Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі дұрыс киінеді. барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-күймен шығуын қамтамасыз ету **Қауіпсіздік бойынша өнегелі минут «Алаңдағы қауіпсіздік»** Әңгіме: «Қауіпті заттарға (тас, бөтелке, темір) қол тигізуге болмайды».
Серуен			**Серуен картотекасы №1** **Міндет:** Баланы ересек ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге үйрету **Іс-әрекет:** «Мен қандай баламын?» ойыны арқылы пікір айту Сурет бойынша өз ойларын бөлісу **Нәтиже:** Бала өз ойын ашық жеткізе алады	**Серуен картотекасы №2** **Міндет:** Әртүрлі көлік түрлерін таныстыру **Іс-әрекет:** Суреттер арқылы көліктерді салыстыру «Бұл көлікті кім жүргізеді?» ойыны **Нәтиже:** Көліктерді және жүргізушілерін біледі **Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №3** **Міндет:** Еңбекке баулу **Іс-әрекет:** Қарапайым тапсырма орындау (ойыншық жинау) «Жауапкершілік деген не?» әңгіме **Нәтиже:** Тапсырманы жауапкершілікпен орындайды **Қоршаған әлеммен таныстыру**

			Қоршаған әлеммен таныстыру **Міндет:** Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу **Іс-әрекеттер:** Ойыншықтарды орнына қою Үстелді жиналуға көмектесу Гүлдерге су құю **Еңбек ету дағдыларын дамыту**	**Міндет:** Заттарды белгілері бойынша ажыратып, топтастыруға үйрету **Іс-әрекеттер:** Түрлі түсті заттарды топтау (қызыл, жасыл, көк) Үлкен және кішкентай ойыншықтарды бөлу Жемістер мен көкөністерді сұрыптау **Сұрыптау бойынша дағдыларды дамыту**	**Міндет:** Табиғатты қорғауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу **Іс-әрекеттер:** Қоқысты дұрыс тастау (қоқыс жәшігіне) «Табиғатты аялайық» сурет салу немесе әңгімелеу Серуенде гүлді жұлмай, тек бақылау **Экологиялық мәдениетті дамыту**
Серуеннен оралу			Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	К**иімдерді ретке келтіру:** Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады. **Қажет болған жағдайда киім ауыстыру:** Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу. **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**
Түскі ас			Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Күндізгі ұйқы			Жайлы қалыпта жатып, терең дем алу. **Тыныштандыру:** Құстардың	**Температура режимі:** Бөлмедегі температураны қолайлы деңгейде ұстау.	Маркировка бойынша балалар өз орындарын тауып жатады

			сайраған дауысы қосылады. **"Ормандағы тыныштық пен дос қоян" (қысқа ертегі).** **Көркем әдебиет**	**Тыныштықты сақтау:** Балалардың ұйқысы кезінде шуды болдырмау . **"Батырлар жыры»** **Мақсаты:** Қазақ батырлары туралы білу, олардың ерлігі мен мінезін дауыс ырғағымен жеткізу. **"Қобыланды батыр" жырынан үзінді оқып беру** **Көркем әдебиет**	«Жақсы жатып, жайлы тұр!» **"Ақылды қыз"** **Мақсаты:** Қазақ ертегілеріндегі ақылды қыз бейнесін таныстыру. "Ақылды қыз" ертегісін оқып беру, эмоциямен жеткізу **Көркем әдебиет**
Біртінд еп ұйқыда нояту, сауықтыру шаралары			Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларынжасау тыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** **құмды жолдар**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** **Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	Жағымды музыка қою Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** **Жұмсақ және қатты жолдар**
Бесін ас			Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету**	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)			**Міндет:** Уақыт туралы түсінік қалыптастыру **Іс-әрекет:** **Математика:** «Бүгін» деген ұғымды түсіндіру **Құрастыру:** Қағаздан шиыршық жасау **Нәтиже:** Балалар бүгінгі күнді айтады, қағаздан пішін құрастырады **Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті**	**Міндет:** Заттарды пішіні бойынша ажыратуға үйрету **Іс-әрекет:** **Математика:** Шаршы мен үшбұрышты салыстыру **Құрастыру:** Текшелерден үшбұрышты пішін тұрғызу **Нәтиже:** Балалар пішіндерді ажыратады, оларды құрастыруда қолданады **Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті**	**Міндет:** Заттарды көлеміне қарай салыстыруға үйрету **Іс-әрекет:** **Математика:** Үлкен-кіші ойыншықтарды салыстыру **Құрастыру:** Үлкен-кіші қағаз бөліктерін қолдану **Нәтиже:** Балалар көлемді ажыратады, құрастыруда пайдаланады **Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті**
Балалармен жеке жұмыс			**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндеті:** Коммуникативтік қабілетті арттыру. **Іс-әрекет барысы:** Балалар бір-біріне «жақсы сөз» айтып, жылы қарым-қатынас орнатады. (Сұңқар,Султан)	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет деті:** Қауіпсіздік ережесін сақтау. **Іс-әрекет барысы:** Серуен кезінде «жолдан өтпейміз», «тас атпаймыз» ойынын жүргізу. (Хан,Хамза)	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндеті:** Коммуникативтік қабілетті арттыру. **Іс-әрекет барысы:** Балалар бір-біріне «жақсы сөз» айтып, жылы қарым-қатынас орнатады. (Асылым,АйаруЕ)
Серуенге дайындық			Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. **(Көркем мінез құлық қалыптастыру)**	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Табиғат туралы қосымша сұрақтар қою
Серуен			**Серуен картотекасы №4** **Міндет:** Еңбекке баулу **Іс-әрекет:** Қарапайым тапсырма орындау (ойыншық жинау) «Жауапкершілік деген не?» әңгіме **Нәтиже:** Тапсырманы жауапкершілікпен орындайды **Еңбекке баулу**	**Серуен картотекасы №5** **Міндет:** Жанашырлыққа тәрбиелеу **Іс-әрекет:** «Досым ренжіді» рөлдік ойын Сурет бойынша жағдаят талдау **Нәтиже:** Ренжіген балаға жанашырлық танытады **Қоршаған әлеммен**	**Серуен картотекасы №6** **Міндет:** Қазақстан мерекелерін таныстыру **Іс-әрекет:** Мемлекеттік рәміздермен танысу «Мерекеге дайындаламыз» ойыны **Нәтиже:** Мерекелерге қызығушылық танытады **Міндет:** Табиғатты қорғауға

				таныстыру **Міндет:** Жауапкершілікке үйрету **Іс-әрекет:** Үстелді жинауға көмектесу, ыдысты орнына қою **Нәтиже:** Еңбекке жауапкершілікпен қарайды **Жауапкершілік дағдысын үйрету**	баулу **Іс-әрекет:** Қағазды бөлек жинау, «Табиғатты сүйеміз» сурет салу **Нәтиже:** Қоршаған ортаға ұқыпты қарайды **Қоршаған әлеммен таныстыру**
Серуеннен оралу			Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)			**Міндет:** Балалардың қоршаған орта әсемдігін, өнер туындыларына қызығушылығын дамыту **Іс-әрекет:** **Сурет салу:** Киіз үйдің әшекейлерін бояу **Мүсіндеу:** Киіз үйдің шағын бөлшектерін саздан жасау **Жапсыру:** Киіз үй жабдықтарының суреттерін қиып жапсыру **Нәтиже:** Балалар қазақ халқының тұрмыстық бұйымдарын біледі, оларды бейнелеу тәсілдерін қолдана алады **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру іс-әрекеттері**	**Міндет:** Қазақ және басқа халықтардың өнеріне қызығушылықты арттыру **Іс-әрекет:** **Сурет салу:** Ұлттық өрнек элементтерін салу **Мүсіндеу:** Қазақ ойыншығын мүсіндеу **Жапсыру:** Әр ұлттың тұрмыстық заттарының суреттерін жапсыру **Нәтиже:** Балалар ұлттық өнерді танып, түрлі бейнелеу тәсілдерін қолданады **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру іс-әрекеттері**	**Міндет:** Сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту **Іс-әрекет:** **Сурет салу:** Қолөнер бұйымдарының суретін бояу **Мүсіндеу:** Ұсақ әшекейлерді жасау (сақина, білезік) **Жапсыру:** Гүл өрнегін қиып, жапсыру **Нәтиже:** Балалар сәндік өнерді біледі және бейнелейді **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру іс-әрекеттері**
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі 15 минут:** **Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру**				

Тексерілді»
Әдіскер_____
А.А.Утешева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: «Балапан» МДҰ МКҚК
Топ: «Күншуақ» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі:қазан айы 2025 жыл (2-апта)

Құндылық -Тәуелсіздік және отаншылық айы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **06.10.2025**	**Сейсенбі** **07.10.2025**	**Сәрсенбі** **08.10.2025**	**Бейсенбі** **09.10.2025**	**Жұма** **10.10.2025**
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі -** балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын арттыру. **(Адал азамат «біртұтас тәрбие» бағдарламасы)** Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.				
	Қазақстан Республикасының әнұранын орындау				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15мин.** **Кеңес:** Үйдегі еңбекті ойын сюжетімен байланыстырып көрсету.	**Өнегелі 15мин.** Баланы қол жууға, заттарын орнына қоюға, бет орамалды қолдануға дағдыландыру. Тазалықты еңбек пен әдетке айналдыру. **Кеңес:** Баланы заттарын өз орнына қоюға үйреткенде алдымен бірге орындап, кейін өздігінен жасату.	**Өнегелі 15мин.** Әке-шеше мен баланың шағын еңбекті бірге орындауы (гүлге су құю, үстел жинау). Бірлескен еңбектің балада жауапкершілік сезімін қалыптастыруы. **Кеңес**: «Отбасы күні» жасап, әркім өзіне шағын жұмыс атқарсын.	**Өнегелі 15мин.** Балаға ұлттық үлгіні ертегі, өлең, мақал-мәтел арқылы жеткізу. **Кеңес:** Әр ата-ана балаға күн сайын бір еңбекке қатысты мақал-мәтел үйретсін.	**Өнегелі 15мин.** Баланың еңбекке қызығушылығын арттыру үшін жағымды эмоция қажет. **Кеңес:** Баланың еңбегін ойыншықпен немесе жылы сөзбен ынталандыру.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникати	**Міндет:** Көмекші сөздерді қолдануға және шығарманы мазмұндауға үйрету **Іс-әрекет:**	**Міндет:** Байланыстырып сөйлеуді дамыту, әңгімені тыңдап қайталау **Іс-әрекет:** **Сөйлеуді дамыту:** «Менің	**Міндет:** Дыбыстарды анық айту, мәтінді тыңдап жеткізе білу **Іс-әрекет:** **Сөйлеуді дамыту:** Үнді (л)	**Міндет:** Сөздік қорды байыту, шығарманы тыңдап түсіну **Іс-әрекет:** **Сөйлеуді дамыту:**	**Міндет:** Көмекші сөздерді қолдану, әңгіме мазмұнын жеткізу **Іс-әрекет:** **Сөйлеуді дамыту:**

втік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Сөйлеуді дамыту:** «Үстінде, астында, жанында» сөздерін заттармен көрсету **Көркем әдебиет:** Көрген ертегіні қысқаша мазмұндау **Нәтиже:** Балалар көмекші сөздерді дұрыс қолданады, ертегі мазмұнын айтады **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	бөлмем» тақырыбы бойынша әңгімелеу **Көркем әдебиет:** Тыңдалған әңгіменің басын қайталау **Нәтиже:** Балалар сөйлемдерді байланыстырады, әңгімені түсініп қайталайды **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	дыбысына артикуляциялық жаттығулар **Көркем әдебиет:** Қарапайым тақпақты тыңдау және мәнерлеп қайталау **Нәтиже:** Балалар дыбысты дұрыс айтады, тақпақты мәнерлеп қайталайды **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	«Киімдер» тақырыбы бойынша суреттерді талдау **Көркем әдебиет:** «Киімдер» туралы өлеңді тыңдау **Нәтиже:** Балалар киім атауларын меңгереді, шығарманы түсінеді **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	«Алма үстелде тұр» сияқты сөйлем құрату **Көркем әдебиет:** Қысқа ертегіні тыңдап мазмұнын айту **Нәтиже:** Балалар көмекші сөздерді қолданады, мазмұнын айта біледі **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**
Таңертенгі жаттығу	**Таңертеңгі жаттығу №4**	**Таңертеңгі жаттығу №5**	**Таңертеңгі жаттығу №6**	**Таңертеңгі жаттығу №7**	**Таңертеңгі жаттығу №8**
Таңғы ас	Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру **Мәдениетті тамақтану дағдысын үйрету**	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**	Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету**	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**
ҰІӘ дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу				

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушының жоспары бойынша) **Қазақ тілі** **Міндет:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту **Іс-әрекет барысы:** Балаларға қысқа тақпақ жаттату Тақпақты қалыпты қарқынмен айтуға жаттықтыру Артикуляциялық жаттығулар жасату **Нәтиже:** Балалар анық әрі қалыпты қарқынмен сөйлеуді меңгереді	**Музыка** (Музыка жетекшінің жоспары бойынша) **Құқықтық сауаттылықты дамыту** **Міндет:** Құқықтық нормаларды меңгеру **Іс-әрекет:** «Құқық деген не?» тақырыбында рөлдік ойын (балалар өз құқықтарын атайды)	**Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушының жоспары бойынша) **Қаржылық сауаттылықты дамыту** **Міндет:** Қарапайым қаржылық шешім қабылдауды үйрету **Іс-әрекет:** «Дүкен ойыны» (сатушы және сатып алушы рөлінде ойнау)	**Музыка** (Музыка жетекшінің жоспары бойынша)	**Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушының жоспары бойынша) **Құқықтық сауаттылықты дамыту** **Міндет:** Міндет пен құқықты ажырата білуге үйрету **Іс-әрекет:** «Менің міндетім және менің құқығым» атты әңгіме, суретпен түсіндіру
Серуенге дайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** **«Суды үнемдейік»** Көрсету: Балаларға ойыншық шелектер беріліп, су құйылады. «Артық төкпей тасимыз» жаттығуы.	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** **Өрт қауіпсіздігі** **Тақырып:** «От – досың да, қасың да» **Мақсаты:** Отпен ойнаудың қауіпті екенін түсіндіру. **Ойын:** «Отты сөндір» (допты «өртенген» суретке лақтыру). **Күтілетін нәтиже:** Балалар сіріңке, от, пешке жақындамау керектігін біледі.	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Мемлекеттік тілді меңгерту** **«Қауіпсіз жол»** Әңгіме: «Жолдан қалай өтуге болады?» (тәрбиеші қысқаша түсіндіреді).	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту **Мемлекеттік тілді меңгерту** **«Ойын алаңында тәртіп** Әңгіме: «Ойын кезінде итерілмейміз, бір-бірімізге көмектесеміз».	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру** **Бөлмеде қауіпсіздік** **Тақырып:** «Электрді қолданғанда абай бол!» **Мақсаты:** Электр розеткасына, сымдарға, тұрмыстық құралдарға қол тигізбеуді үйрету. **Ойын:** «Қайсысын қолдануға болады?» (қауіпсіз-қатерлі суреттерді салыстыру). **Күтілетін нәтиже:** Балалар тұрмыстық заттарды қолдануда сақ

					болуды үйренеді.
Серуен	**Серуен картотекасы№7** **Міндеті:** Балаларды бірге ойнауға үйрету. **Іс-әрекеттер барысы:** Балалар қол ұстасып шеңбер құрады, бірге әндетіп жүреді. «Достар шеңбері» ойынын ойнайды. Жолдан шықпау, тәрбиешіден алыс кетпеу. Күзгі ағаш жапырақтарын қарастыру. **(мәдениет дағдысы, Қауіпсіздік ережесін үйрету)**	**Серуен картотекасы №8** **Міндеті:** Табиғаттағы өзгерістерді байқау. **Іс-әрекеттер барысы:** Жерге түскен жапырақтарды жинап, түстерін салыстыру. Жапырақ үйінділеріне секірмеу, қоқыс арасынан алмау. Жапырақтардың пішіні мен түсінің өзгеруін бақылау. **(Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру,қауіпсіздік сақтау дағдысы)**	**Серуен Картотекасы№9** **Міндеті:** Достыққа тәрбиелеу. **Іс-әрекеттер барысы:** «Жел соқты» ойыны. Балалар жан-жаққа тарап, қайта шеңберге жиналады. Бір-бірін итермеу, жүгіргенде абай болу. Желдің әсерін түсіндіру. **(Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Серуен картотекасы№10** **Міндеті:** Ортақ еңбекке баулу. **Іс-әрекеттер барысы:** Балалар ауладағы жапырақтарды бірге жинайды. Құралды (күрекше, тырма) дұрыс қолдану.**:** Жапырақтардың құрап түсу себебін түсіндіру **(Отбасы құндылықтары ,Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Серуен картотекасы№11** **Міндеті:** Құстарды қорғауға үйрету. **Іс-әрекеттер барысы:** Құстарды бақылап, олардың қимылын қайталайды. Құстарды үркітпеу, тас атпау. Құстардың күзде топтасып ұшуын түсіндіру **(Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)**
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Еңбекке баулу**
Түскі ас	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**	Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиienасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету**

Күндізгі ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. **(Музыка ән тыңдау дағдысы)**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету **Бауырсақ** ертегісін айту Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату **(Көркем әдебиет)**	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **Мысық, әтеш және түлкі** ертегісін айту **(Көркем әдебиет)**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету **Бесік жырын айту (Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)**	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **Торғай мен тышқан** ертегісін айту **(Көркем әдебиет)**
Бірт інде п ұйқ ыда н ояту , сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**	Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала оянғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау тыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » құмды жолдар**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**
Бесін ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,	**Міндет:** Геометриялық денелерді қолдана білуге үйрету **Іс-әрекет: Математика:** Цилиндрді	**Вариативтік бөлімі** «Экологиялық соқпақ» **Тақырыбы:** «Бақшадағы қоян» қимылды ойыны **Мақсаты:** Қимылдарды	**Міндет:** Сандарды санау мен реттеуді жетілдіру **Іс-әрекет: Математика:** 1–10 дейін санау	**Міндет:** Заттарды салыстыру және құрастыруға үйрету **Іс-әрекет: Математика:** Ені әртүрлі	**Міндет:** Геометриялық денелерді атауға үйрету **Іс-әрекет: Математика:** Шарды танып айту

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	таныстыру **Құрастыру:** Цилиндр пішінінен қарапайым құрылыс жасау **Нәтиже:** Балалар цилиндрді таниды, құрылысқа пайдаланады **Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті**	үйлестіруді, команда бойынша әрекет етуді дамыту. Жеміс көкөністерінің муляждары, суреттер, жаңа піскен көкөністер мен жемістер. **Міндет:** Кеңістікті бағдарлау дағдысын бекіту **Іс-әрекет:** **Математика:** «Жоғары-төмен» бағыттарын көрсету **Құрастыру:** Қағаздан биік-аласа шиыршық жасау **Нәтиже:** Балалар бағыттарды дұрыс қолданады, биік-аласа пішіндер жасайды **Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті**	**Құрастыру:** Тастарды ретімен орналастыру **Нәтиже:** Балалар сандарды ретімен атайды, ретпен құрастырады **Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті**	қағаздарды салыстыру **Құрастыру:** Қағаздан кең-тар жолақ жасау **Нәтиже:** Балалар ені бойынша салыстырады, құрастырады **Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті**	**Құрастыру:** Шар пішінді заттардан құрылыс құрау **Нәтиже:** Балалар шарды таниды, құрастырады **Математика негізі, құрастыру іс-әрекеті**
Жеке баламен жұмыс	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндеті:** Дыбыстарды анық айтуға үйрету. **Іс-әрекет барысы:** Дауысты (а, о, е) дыбыстарын әндетіп қайталау. (Султан, Нурасыл)	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндеті:** Қазақ тілінде сөздерді дұрыс айтуға баулу. **Іс-әрекет барысы:** «Сәлемдесу» ойыны: балалар амандасып, қазақ тіліндегі сөздерді қайталайды. (Зейіннур,Сұңқар)	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндеті:** Мүсіндеу дағдыларын дамыту. **Іс-әрекет барысы:** Пластилиннен шар және таяқша жасау. (Айым,СафияА)	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндеті:** Отбасы мүшелерін тану. **Іс-әрекет барысы:** Суреттен әке, ана, аға, апа деп атау, рөлдік ойын ойнау. (Мухаммад,Али)	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндеті:** Коммуникативтік қабілетті арттыру. **Іс-әрекет барысы:** Балалар бір-біріне «жақсы сөз» айтып, жылы қарым-қатынас орнатады. (КәусарК,Әділет)
Серуенге дайындық	**"Серуенге дайынбыз!" (Барлық дағдыларды бекіту)** . "Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі	**"Бір-бірімізге көмектесеміз" (Қайырымдылық пен достықты дамыту)** Балалар киіну көмек көрсету (мысалы, түймесін қадау,	**"Менің көктемгі киімім" (Сөздік қорды байыту)** Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын	**"Киім қайда тұрады?" (Тазалыққа және тәртіпке баулу)** Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді.	**"Серуенге дайынбыз!" (Барлық дағдыларды бекіту)** . "Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі

	дұрыс киінеді. барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-күймен шығуын қамтамасыз ету	бас киімін кигізу).. Балалар «рахмет» және «өтінемін» сөздерін қайталап, әдептілікке дағдыланады.	дұрыс айтуға көмектесу.	«Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу	дұрыс киінеді. барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-күймен шығуын қамтамасыз ету
Серуен	**Серуен картотекасы №12** **Міндеті:** Достық сезімін қалыптастыру. **Іс-әрекеттер барысы:** «Кім тез табады?» ойыны. Балалар сары жапырақ іздейді.**:** Жерге еңкейгенде бір-біріне соқтықпау. Жапырақтардың әртүрлілігін түсіндіру **Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №13** **Міндеті:** Табиғатқа қамқорлық. **Іс-әрекеттер барысы:** Балалар ағашты құшақтап, оған жылы сөз айтады. Ағашқа өрмелемеу, бұтақ сындырмау. Ағаштың күздегі ерекшелігін түсіндіру **Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №14** **Міндеті:** Қимыл дағдыларын дамыту. **Іс-әрекеттер барысы:** «Жел соқты» ойынының жаңа нұсқасы. Шашырап жүгіргенде тәртіп сақтау. Күзгі желдің әсерін түсіндірі, бірге талқылау **Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №15** **Міндеті:** Ынтымақпен әрекет ету. **Іс-әрекеттер барысы:** Ойыншықтарды бірге жинау.**:** Құмды көзге септеу.**:** Құм, тас сияқты табиғи материалдарды көрсету, талқылау **Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №16** **Міндеті:** Бір-біріне көмектесуге үйрету. **Іс-әрекеттер барысы:** «Досыңа көмектес» ойыны. Балалар бір-біріне киімін түзетеді. Киімін кигізгенде қатты тартпау. Киімнің күзде жылу сақтайтынын түсіндіру, киім түрлерін талқылау **қоршаған әлеммен таныстыру**
Серуеннен оралу	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Міндет:** Ойыншықтарға қызығушылықты арттыру **Іс-әрекет:** **Сурет салу:** Таныс ойыншықтың суретін салу **Мүсіндеу:** Саздан қуыршақ жасау **Жапсыру:** Қуыршақтың киімін қиып жапсыру **Нәтиже:** Балалар ойыншықты бейнелеудің түрлі тәсілдерін қолданады **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру іс-әрекеттері**	**Міндет:** Тұрмыстық заттарды бейнелеу дағдысын дамыту **Іс-әрекет:** **Сурет салу:** Ыдыс-аяқтың суретін салу **Мүсіндеу:** Кесе, табақты мүсіндеу **Жапсыру:** Дастархан көрінісін жапсыру **Нәтиже:** Балалар тұрмыстық заттарды бейнелеуде дәлдікке үйренеді **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру іс-әрекеттері**	**Міндет:** Киіз үй жабдықтарын бейнелеуге баулу **Іс-әрекет:** **Сурет салу:** Киіз үйдің сыртын бояу **Мүсіндеу:** Киіз үйдің уығын, шаңырағын жасау **Жапсыру:** Киіз үйдің ішкі көрінісін жапсыру **Нәтиже:** Балалар ұлттық құндылықтарды танып, бейнелейді	**Міндет:** Өнер туындыларын бейнелеу арқылы қызығушылықты арттыру **Іс-әрекет:** **Сурет салу:** Ұлттық кілем өрнегін салу **Мүсіндеу:** Саздан шағын кілем бедерін жасау **Жапсыру:** Кілем суреттерін жапсыру **Нәтиже:** Балалар сәндік өнерді бейнелеуде әртүрлі тәсілдерді қолдана алады **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру іс-әрекеттері**	**Міндет:** Заттардың ерекшеліктерін бейнелеу дағдыларын дамыту **Іс-әрекет:** **Сурет салу:** Жеміс-жидектерді бояу **Мүсіндеу:** Жемістерді саздан жасау **Жапсыру:** Жемістердің суреттерін қиып жапсыру **Нәтиже:** Балалар заттарды өзіне тән белгілерімен бейнелейді **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру іс-әрекеттері**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. .				

Тексерілді»
Әдіскер_____
А.А.Утешева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: «Балапан» МДҰ МКҚК
Топ: «Күншуақ» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі:қазан айы 2025 жыл (3-апта)

Құндылық -Тәуелсіздік және отаншылық айы

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **13.10.2025**	**Сейсенбі** **14.10.2025**	**Сәрсенбі** **15.10.2025**	**Бейсенбі** **16.10.2025**	**Жұма** **17.10.2025**
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі -** балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру. **(Адал азамат «біртұтас тәрбие» бағдарламасы)** Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.				
	Қазақстан Республикасының әнұранын орындау				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15мин** Әр ата-ана өз үлесін қосу арқылы топтың дамуына көмектесетінін түсіндіру. Ата-аналар бір-біріне қолдау көрсетудің маңызын ұғынады.	**Өнегелі 15мин** Балалардың күнделікті іс-әрекетін көріп, ата-аналардың пікірін тыңдау. Ата-аналар ортақ мүдде мен өзара түсіністікті сезінеді.	**Өнегелі 15мин** Жақсы сөздің бала психологиясына әсері. Ата-аналар жылы сөзді жиі қолдануды әдетке айналдырады.	**Өнегелі 15мин** Бала – айна» қағидасын түсіндіру Ата-аналар өз қылықтарына сын көзбен қарай бастайды.	**Өнегелі 15мин** Үйде бірге ойнау жолдары. Ата-аналар балаларымен ортақ ойынды ұйымдастырады.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық,	**Міндет:** Байланыстырып сөйлеу, мәтінді тыңдап түсіну **Іс-әрекет:** **Сөйлеуді дамыту:** «Менің отбасым» тақырыбында сөйлемдер құрату **Көркем әдебиет:** Отбасы туралы әңгімеден үзінді тыңдау	**Міндет:** Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, өлеңді жатқа айту **Іс-әрекет:** **Сөйлеуді дамыту:** «р» дыбысын қайталату, артикуляциялық ойын **Көркем әдебиет:** Қысқа өлеңді жаттау **Нәтиже:** Балалар дыбысты	**Міндет:** Сөздік қорды дамыту, шығарманы тыңдап мазмұндау **Іс-әрекет:** **Сөйлеуді дамыту:** «Асханадағы заттар» туралы сөздермен жұмыс **Көркем әдебиет:** Асхана заттары туралы әңгіме тыңдау	**Міндет:** Көмекші сөздерді үйрету, әңгімені түсініп қайталау **Іс-әрекет:** **Сөйлеуді дамыту:** «Қуыршақ үстінде отыр» сөйлемдерін айту **Көркем әдебиет:** Қысқа әңгімеден үзінді тыңдату **Нәтиже:** Балалар	**Міндет:** Байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, өлең мазмұнын жеткізу **Іс-әрекет:** **Сөйлеуді дамыту:** «Менің ойыным» тақырыбында сөйлемдер айту **Көркем әдебиет:** Өлеңді тыңдап, мәнерлеп айтуға

эксперимента лдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Нәтиже:** Балалар сөйлемді байланыстырады, әңгімені түсінеді **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	анық айтады, өлеңді жатқа айтады **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	**Нәтиже:** Балалар заттарды атайды, әңгімені мазмұндайды **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	сөйлемді көмекші сөздермен құрайды, мазмұнын айтады **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	жаттықтыру **Нәтиже:** Балалар сөйлемдерді байланыстырады, өлеңді мәнерлеп айтады **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**
Таңертенгі жаттығу	**Таңертеңгі жаттығу №9**	**Таңертеңгі жаттығу 10**	**Таңертеңгі жаттығу №11**	**Таңертеңгі жаттығу №12**	**Таңертеңгі жаттығу №13**
Таңғы ас	Тамақтану кезінде қарапайым мәдени құндылықтарды қалыптастыру **Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету**	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету**	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Бата:** Асқа адалды Басқа амандық Денге саулық Берсін аумин **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу				
